

## **Зырян ауданы Серебрянск қаласының көшелерін қайта атау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қарашадағы № 420 қаулысы, Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 2018 жылғы 22 қарашадағы № 38/6-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 12 желтоқсанда № 5-12-176 болып тіркелді

### **Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 15 маусымдағы қорытындысына сәйкес және Серебрянск қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Зырян ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Зырян ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Зырян ауданы Серебрянск қаласының мынадай көшелері:

- 1) Пионерская көшесі Наурыз көшесі болып;
- 2) Октябрьская көшесі Бастау көшесі болып қайта аталсын.

2. "Зырян ауданының әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен қаулы және шешімді Зырян ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелуін;

2) әкімнің осы бірлескен қаулыны және шешімі мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін " Республикалық құқықтық ақпараттық орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрде көшірмесін жіберуді;

3 осы бірлескен қаулы және шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Зырян ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберуді;

4) осы бірлескен қаулы және шешім ресми жарияланғаннан кейін Зырян ауданы әкімінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Зырян ауданының әкімі*

*Н. Токсеитов*

*Сессия төрағасы*

*О. Лебякин*

*Зырян ауданы мәслихатының хатшысы*

*Л. Гречушникова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК